



Құрметті құтқарушылар және сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Құтқарушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Бұл жауапты да қиын мамандықты игеру кез-келген адамның қолынан келе бермейтін іс. Сіздерге кәсіби біліктіліктеріңіз, сенімділіктеріңіз, төтенше және оқыс жағдайлардан тиісті шешімді таба алатындарыңыз үшін шынайы алғысымды білдіремін. Сіздер, құтқарушылар, апатқа ұшыраған адамдарға қол ұшын беріп, көмек көрсетесіздер, сонымен қатар өзгелердің басынан өткеріп жатқан қиындықтарға ортақтасып, нағыз жанашыр бола білесіздер. Өздеріңіздің адал еңбектеріңіздің арқасында Сіздер аудан тұрғындарының алғысы мен абыройына бөленіп жүрсіздер.

Ерекше алғыс сөздерді құтқару ісінің ардагерлеріне айтқым келеді, себебі олардың баға жетпес тәжірибесі ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Сіздерге зор денсаулық, бақыт, игілік пен ырыс-береке, кәсіби шеберліктің артуын және алға қойылған мақсаттарға жету жолында табыс тілеймін.

С. БАПИШЕВ, Макинск қ. МӨСБ-8 басшысы, азаматтық қорғаныс подполковнигі.

Уважаемые спасатели и ветераны службы!



От всей души поздравляю вас с профессиональным праздником – Днем спасателя! Представителей этой профессии всегда отличали мужество, решительность и четкость в действиях.

Уверен, что вы, чья профессиональная долг является защита сограждан и жизненно важных объектов, делаете все, чтобы предотвратить возникновение чрезвычайных ситуаций, не допустить гибели людей, своевременно и эффективно помочь пострадавшим.

Трудно переоценить важность и значимость того дела, которое каждый день, каждый час выполняют спасатели и пожарные, рискуя собственной жизнью. Что для других – событие, чудесное спасение и подвиг, для вас – просто работа. Соприкасаюсь изо дня в день с бедой, сотрудники службы не черствеют душой, сохраняют в себе готовность к самопожертвованию.

В этот праздничный день примите слова благодарности за добросовестный труд и своевременную помощь людям, попавшим в беду. Желаю вам счастья, добра, благополучия и дальнейших успехов в службе.

С. БАПИШЕВ, начальник СПЧ-8 г. Макинск, подполковник гражданской защиты.

Отважный спасатель

Мужество, храбрость, готовность к самопожертвованию во имя спасения жизни людей – эти качества отличают тех, кто несет службу в органах гражданской защиты.

Техногенным катастрофам и стихийным бедствиям всегда противостоят профессионализм спасателей, их опыт, твердая дисциплина и умение найти выход из самых сложных, подчас экстремальных ситуаций.

Народ относится к спасателям с уважением и благодарностью. Даже в самых отдаленных сельских округах верят, что при любых обстоятельствах, рискуя собственной жизнью, спасатели придут на помощь.

Одним из верных сотрудников сферы ЧС является Ерлан Арингазин – старший водитель специализированной пожарной части № 8 г. Макинск, старшина. На

службе Ерлан Канатович более 10 лет. В его компетенцию входит проверка исправности специализированной техники, ее повседневная боевая готовность в любой час. Как старший водитель он координирует работу подчиненного состава, но и сам может выехать на вызов вместе с бригадой, если того требует ситуация.

В СПЧ-8 г. Макинска имеются три единицы основной техники для пожаротушения, специальная техника (аварийно-спасательная машина), малый тягач легко бронирования и автомобиль «Газель» (вспомогательная).

Поздравляя Ерлана Канатовича с профессиональным праздником, хотелось бы поблагодарить всех представителей сферы за добросовестную службу и готовность прийти на помощь. Здоровья вам, сил, терпения и благополучия в семье!

А. АМАНЖОЛОВА.



Анаға құрмет – баршаға міндет

Адам баласының бойындағы бұл ізгі ниет – Жаратушы Иеміз бұйыртқан әрбір секундтың еншісінен бөлінбек емес, бөлінбейді де. Өйткені бүгінгі жас – ертеңгі қарт. Осы заңдылыққа бас иген қазақ қашаннан үлкенді сыйлауда тәпсінен жағалмаған.

Халқымызда «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деген ұлағатты сөз бар. Қазақ – қарттарын қадірлеп өскен ұлт. Бүгінде қазақтың әрбір үйінен отбасы мүшелеріне ақылын айтып, тәлімді тәрбиесін беріп, ұлағатты ұғымдарды сіңіріп, шүпірлеген немерешөберелерінің ортасында марқайып отырған әжеміздің бірі – Асылтас әжемізді көрудің өзі бір ғанибет.

Еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлесін қосқан, осы ардақты да, аяулы әжеміздің арқасы деп есептейміз. Мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын аға – апамыз Асылтас әже «Ақ жаулық» ансамблінен ұзақ жылдан бері өнер көрсетіп келеді. Қажырлы еңбегінің арқасында аянбай еңбек етіп, өзінің адалдығымен, парасаттылығымен ел жадында жүр. Жас ұрпақ үлгі тұтар беделді әжелеріміздің бірі.



Асылтас әжемізді Халықаралық қарттар күнімен және әлеуметтік қолдау айлығымен Бұланды ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Орал Құрымбаева, аудандық мәдениет үйі директорының м.а. Әлішер Кенжеғалиев, «Ақ жаулық» халықтық көркем өнерпаздар ұжымының жетекшісі Роза Қиықова, аудандық Мәдениет үйінің аккомпаниаторы Жансеит Түкібаев, «Бұланды ақпарат» газетінің редакторы Айгүл Аманжолова арнайы құттықтай келіп, алғыс хат пен естелік сыйлықтар табыс етті. Апамыздың деніне саулық, ұзақ ғұмыр тілей келе, «асыл қазына, арқа сүйер тірегіміз болып аман - есен жүре беріңіз» деп жүрекжарды тілектерін білдірді.

Әжетай, нұрға толсын жүзіңіз, Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз. Тіршіліктің қызығына бөленіп, Аман-есен ортамызда жүріңіз!

Ә. НҰРТАЕВА, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің маманы.

Назар аударыңыз, жәрмеңке!

2021 жылдың 16 қазанында Макинск қаласының орталық алаңында «Күздің сыйы» атты ауыл шаруашылық жәрмеңкесі өтеді. Жәрмеңкенің басталуы сағат 10.00.

Сондай-ақ, «Макинск қаласы әкімінің аппараты» ММ-нің үй жағдайында әлеуметтік қызметкерлермен қызмет көрсететін мүгедектері бар адамдармен және Купчановка а. арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының алушыларымен дайындаған қолдан жасалған бұйымдар мен қолданбалы, бейнелеу өнері бұйымдарын, көркем жұмыстарды сату ұйымдастырылады.

Внимание, ярмарка!

16 октября 2021 года на центральной площади г. Макинск состоится сельскохозяйственная ярмарка «Дары осени». Начало ярмарки - 10.00 часов.

Также будет организована продажа поделок и изделий прикладного, изобразительного искусства, художественных работ, изготовленных получателями центра оказания специальных социальных услуг с. Купчановка и лицами с инвалидностью, обслуживающихся социальными работниками на дому ГУ «Аппарат акима г. Макинск».

Вакцинация – індеттен ең сенімді қорғану

2021 жыл да аяқталуға жақын, ал біздің күнделікті үйреншікті өмірімізге коронавирус деген белгісіз әрі қауіпті індеттің келгеніне, міне, бір жарым жылдан асып барады. Әлемді шарпыған қауіпті вирус қаншама адамның өмірін үзді. Былтырғы жылдың қасіреті мен қорқынышы есімізден кетер емес: жағдайдың белгісіздігі, орны толған ауруханалар, ауыр халдегі мыңдаған пациенттер, күнделікті жан түршігерлік адам өлімің статистикасы. Қазіргі уақытта, әрине, жағдай бақылауға алынып, шамалы түзеліп келеді. Медицина саласындағы ғалымдар мен жоғары білікті дәрігерлер бұл індетпен тиімді күресу үшін оны жан-жақты зерттеді, аурудың алдын-алу мақсатында вакцина жасалды. Осы шаралардың барлығы ұлттың денсаулығын сақтап, болашақ ұрпақ үшін эпидемиологиялық жайлы жағдай қамтамасыз ету мақсатын көздейтіні сөзсіз.

Аудандық ауруханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары бола тұра мен пандемияның өршіген кезіндегі орын алған



жағдайды әріптестерімен бірге өз көзімен көрдім. Тіпті бұл індетті басымнан да өткердім, бірақ тиісті ем алған соң жұмысқа қайта кірісуге тура келді, себебі дәрігерлер тапшылығын болдармауымыз қажет еді. Аудан тұрғындары арасынан өзім жақсы танытын кісілер коронавирустан көз жұмды, көбісі ем алып, үйіне оралды. Бірақ ауруханаға түскеннің басым көпшілігі дер кезінде өзін-өзі қорғап вакцина алмағандар. Сондықтан, дәрігер ретінде, індеттің сұмдығын көрген адам ретінде әрбір пациентпен сұхбат құрып, вакцина алуға, өз денсаулығына немқұрайлы қарамауын сұраймын. Кейбіреулер аурудан қорықпай, қоғамдық жерлерде қорғанбай, жайбарақат жүреді, ал ол дегеніміз айналасындағы адамдарға қауіп төндіру. Бұл тұрғыда адамдардың жауапкершілігі артуы қажет.

Жұмыс атқарып жүрген жылдар ішінде көп жағдай басымыздан өтті, бірақ мұндай халықтың ішінде жаппай тез таралған аса қауіпті індет практикада бірінші рет, әрі өте ауыр екенін мойындаймын. Ертеңгі күнді ойлау – бәріміздің борышымыз. Әлемдегі миллиондаған адамдардай вакцина алып, өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз! Бүгінгі таңдағы коронавирустан басты қорғану шарасы – екпе алу. Сіздің өміріңіз, сіздің денсаулығыңыз – сіздің қолыңызда! Аман болайық, ұжымдық иммунитетті бірлесіп қалыптастырайық!

Т. САДВАКАСОВА, Бұланды аудандық ауруханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары.

ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ ДАТЫ ОКТЯБРЯ

Наука о хлебе стала смыслом его жизни...

16 октября – День хлеба в Казахстане

Ценность хлеба он познал еще в детстве, уважение к главному продукту привили ему родители, а душистый аромат румяного каравая, который пекла его бабушка, он пронес через годы. Речь в данном повествовании пойдет о человеке, посвятившему свою жизнь земле и науке о хлебе – агроному с большим трудовым стажем Сергею Владимировичу Хилько.

С детства его манило небо, мечтал стал летчиком, но детская мечта со временем развеялась, на смену ей пришло осознанное решение выучиться важной и полезной профессии – стать агрономом. Чтобы идти к своей цели Сергей Владимирович поступил в Чаглинский сельскохозяйственный техникум на специальность «Агрономия». Прочувшего год молодого парня призвали в ряды Советской армии. После демобилизации учеба продолжилась и после получения диплома специалист-агроном Сергей Хилько начинает работу во Всесоюзном научно-исследовательском институте зернового хозяйства им. А. И. Бараева. Здесь молодой специалист приобретает навыки, повышает свои знания, работая бок о бок с опытными и выдающимися сотрудниками. Большое влияние на формирование профессиональной личности оказала совместная работа с профессором, доктором сельскохозяйственных наук Галымом Кулжановичем Кудайбергеновым.

Незаметно проходили годы работы. А работа была интересной, приходилось многое изучать, совершенствовать опыт. И вот подающего надежды перспективного специалиста направляют в Буландынский, тогда еще Макинский, район, как прошедшего научную подготовку агронома, призванного внедрить новые научные разработки по возделыванию зерновых и кормовых культур. Одним словом, все свои знания и опыт, полученные в стенах научного центра, необходимо было использовать на практике. Так Сергей Владимирович начинает свою работу в совхозе «Карамышевский». В ежедневных насыщенных трудовых буднях проходят годы, набирается опыт. Всего Сергей Владимирович 41 лет в агрономии. За эти годы он также работал главным агрономом в агрофирме «Алан-Агро». Агрономия по праву стала его смыслом жизни, он, как специалист, точно знает,



что работа с землей требует не только материальных и трудовых ресурсов, но и бережного, трепетного отношения, уважения и даже поклонения. Ведь земля – это наша кормилица, для каждого человека она имеет в первую очередь социальное значение.

Сегодня ему что рассказать и чем поделиться молодым поколением агрономов, наставничество – одна из направлений его работы. К нему часто приходят за советом и практической помощью студенты аграрных ВУЗов или начинающие специалисты. И ему, как опытному человеку, всегда приятно наблюдать живой интерес к работе в молодых специалистах, ведь когда человеку нравятся дело, которое он выбрал, то и результат будет хорошим.

Ценить хлеб, уважать каждый его кусок, рачительно относиться к каждому зернышку научил отец Сергея Владимировича. Рассказы отца о трудной детской доле, о жизни в тылу во время войны нельзя не вспомнить сегодня без слез. Дед Сергея Владимировича понес наказание за несколько колосков зерна, а сам отец всегда помнил, как им пришлось выживать, чтобы прокормить себя во время войны, как беречь каждую хлебную крошку.

В настоящее время Сергей Владимирович работает главным агрономом ТОО

«Фирма Нанар». Несомненно, идет в ногу со временем, никогда не устает совершенствовать свои знания, познает новые грани науки, делится опытом с коллегами. По его мнению, на сегодняшний день сельскохозяйственное производство шагнуло далеко вперед, есть много возможностей получать хорошие урожаи, совершенствуется с каждым годом техника. Этот спектр науки очень обширен и при умелом подходе можно добиться блестящих результатов.

О таких людях, как Сергей Владимирович нужно говорить чаще. Ведь это люди, как говорится, еще той старой закалки, которые привыкли доводить начатое дело до конца, работать честно, добросовестно, а главное – на результат. Посвятить одному делу всю сознательную жизнь, при этом не уставать совершенствовать себя как профессионал – дорогого стоит. Путь, достойный примера. Хочь завершить повествование о Сергее Хилько, который по роду деятельности является мне коллегой, пожеланием здоровья и добра, пожелать благополучия семье, двоим детям. Пусть его ученики будут достойны своего наставника, а на столе в его доме всегда будет хлеб – символ достатка, изобилия и мира.

К. МЕНДЫБАЕВА, депутат районного маслихата.

Төл мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметті Буланды ауданының Макинск қаласындағы № 8 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің ұжымы!

Сіздерді 19 қазан – Құтқарушылар күнімен құттықтаймыз. Қандай қиыншылыққа тап келсе де төтенше жағдайлар қызметкерлері өз ісін абыроймен атқаруға бар ынтасымен кіріседі. Сондықтан біз құтқарушылардың күн сайын, әр сағатта атқаратын істерінің маңыздылығы мен мәнділігін бағалаймыз.

Бүгінгі күні республикамызда төтенше жағдайлар қызметкерлерінің беделі жоғары. Оған мамандардың кәсібилігі, қызметіне деген адалдығы мен ерліктің арқасында қол жеткізіп келеді. Осының арқасына мыңдаған адамдардың өмірі құтқарылады. Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға толағай табыс, әр күндеріңіз шаттық пен бақытқа толы болсын. Ел игілігін арттыру жолында атқарылған адал қызметтеріңіздің жемісін көріп, халықтың алғысына бөлене беріңіздер демекпіз!

Буланды ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанындағы «Тілдерді оқыту орталығы» КММ-нің ұжымы.



baqyttyotbasynurotan

baqyttyotbasynurotan

zashitadetei.kz



Позвони на

111

ЕСЛИ ТЕБЯ ОБИЖАЮТ, БЬЮТ

Позвони на

111

ЕСЛИ ТЕБЕ СТРАШНО, ТЫ ЗАПУТАЛСЯ И НЕ ЗНАЕШЬ У КОГО ПРОСИТЬ О ПОМОЩИ

Позвони на

111

ЕСЛИ ЗНАЕШЬ, ЧТО ТВОЙ ДРУГ ИЛИ ДРУГОЙ РЕБЕНОК, ВЗРОСЛЫЙ НАХОДИТСЯ В ОПАСНОСТИ

Позвони на

111

ЕСЛИ ВИДИШЬ НЕЗАКРЫТЫЙ ЛЮК ИЛИ ДРУГОЙ ОПАСНЫЙ ОБЪЕКТ

Сделав звонок ты можешь спасти себя и своих близких!

ЗВОНОК БЕСПЛАТНЫЙ!

Контакт-центр «ЭКСТРЕННАЯ СЛУЖБА 111» по вопросам семьи, женщин и защиты прав детей при партии «Nur Otan»

Ко Дню работников лесного хозяйства

ХРАНИТЕЛИ ЛЕСА – ХРАНИТЕЛИ БУДУЩЕГО

Известный литературный классик, воспеватель красоты и первозданности природы Константин Паустовский говорил, что леса, так же, как озера, моря и реки, - лучшее украшение земли, ее великолепный праздничный наряд. Значение леса в жизни человека велико, ведь не говоря об экологической, экономической и социальной ее роли, для всех нас она служит местом, где мы время от времени находим покой, умиротворение, становимся ближе к природе и прекрасному. А для значительного контингента людей лес является делом жизни. Труд работников отечественной отрасли лесного хозяйства не только благороден по своему

предназначению, но и крайне важен для жизни общества, развития экономики страны. Лес - это бесценный природный дар и от того, в каком состоянии они находятся, зависит наше здоровье и здоровье наших детей. Поэтому каждый человек, связанный с лесной отраслью, по существу, является хранителем будущего.

Пять лет трудится лесником в Чернореченском лесничестве Александр Шалуткин. Стаж небольшой, однако, молодой лесник

трудится вместе с опытными коллегами, перенимая у них опыт и навыки. Во владении лесника находится обход площадью в 1150 гектаров или, как отметил сам Александр, вверенное ему государственное имущество. Площадь немалая, если учесть, что все должностные обязанности на этом участке выполняет только он один. А это и рубки, и лесовосстановительные процедуры, природоохранные и противопожарные мероприятия.

Основная профессиональная задача лесника – охрана леса. А самым напряженным временем лесники называют летний сезон. Это пожароопасный период, когда нужно всегда быть бдительным. Осенью и зимой заготавливается древесина, весной начинаются лесовосстановительные работы, посадка саженцев, уход за уже подросшими деревьями. У каждого лесника есть план работы, в соответствии с ним планируется занятость на протяжении дня. Работа не из легких, и поймет ее трудность, и положительные стороны только тот, кто сам встанет в ряды работников лесного хозяйства.

В Чернореченском лесничестве, относящееся к КГУ «Отраденское учреждение лесного хозяйства Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области», трудится 10 человек, 8 из которых лесники. Александру работа нравится, да и все здесь родное: и люди, и леса. За процветание своей малой Родины за честь и трудиться достойно.

После трудового дня молодой лесник находит отраду в собственной семье: любимая супруга и двое деток – самое главное богатство. За время работы Александр Шалуткин нискал доверие руководства и уважение коллег своим добросовестным отношением к труду, поощрялся почетными грамотами. В перспективе планирует обучиться по профилю и стать уже дипломированным специалистом отрасли лесного хозяйства. А это значит, что человек нашел себя в профессии, намерен связать с ней всю жизнь.

Завершением повествования о леснике Александре Шалуткине сочла уместным еще одну цитату не менее известного классика литературы Антона Чехова: «Леса украшают землю... они учат человека понимать прекрасное и внушают ему величавое настроение».

А напоследок хотелось бы поздравить всех, кто сегодня трудится в сфере лесного хозяйства района и области, ветеранов сферы с профессиональным праздником, отметив, что благодаря неравнодушию, высокому профессионализму, добросовестному отношению к своей работе, сохраняется и приумножается наше бесценное природное богатство. Ведь бережное отношение к лесу – это, прежде всего, бережное отношение к родному краю и к людям, живущим здесь.

А. АМАНЖОЛОВА.



ТУҒАН ЖЕР – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫН

Әр адамның жүрегінде туған жеріне, кіндік қаны тамған алтын бесігіне деген ерекше махаббаты болары сөзсіз. Туған жерге деген сезім барша адамзат баласына үлгі болған екі дүниенің сардары Мұхаммед пайғамбарымыздың да (с.ғ.с) жүрегін тербеткен. Оны Меккеден Мединаға қоныс аударарда тауғы шығып, туған жеріне қарап тұрып: «Ей, Ибраһим (ғ.с) дұға қылған шаһар, жетпіс алты пайғамбар өткен шаһар, Құран аяттары түскен шаһар, ей, Алланың үйі Қағба орналасқан шаһар, кіндік қаным төгілген шаһар, сені тағы көруді Алла Тағала нәсіп етсін» деп көзіне жас алған. Жалпы ұлық дініміз Ислам Отанды құрметтеуге, қорғауға үндейді. Өз Пайғамбарымыз (с.ғ.с) тағы бір тағылымды хадисінде: «Шекараны, Отанды қорғау үшін бір күн, бір түн күзетте тұру, бір ай нәпіл ораза ұстап, түнде намаз оқудан қайырлы» деген. Ал, дана халқымыз «Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас» деп алтын бесік мекеніміздің қадірін одан ары асқақтата түседі. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы: «...Туған жер-әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегін түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды» дейді. Елбасымыз тағы бір сөзінде: «Отансыз адам – қай жерде жүрсе де бейшара адам. Өзінің еліңе, Отаныңа, жеріңе, ата-бабаңның төккен қаны мен теріне адал болуың керек. Қайда жүрсе де, не істесе де қазағын-елін ойлап, осыны көркейтсем, кіндік қаным тамған елім аман болып, оның дәрежесі жоғары болса, қай мемлекетке барсам да мені сыйлайды деген түсінікте болу керек»-деген болатын.

Осы орайда бізге Туған жеріміздің қадірін терең ұғынып, оны көздің қарашығындай қорғау қасиетті іс екенін түсіну үшін өткенге көз жүгірткен жөн



секілді. Ұланбайтақ жерімізді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғаған бабаларымыздың ерлігі ұрпаққа үлгі. Ұлтарактай жер үшін жанын берген батырларымыздың, туған жердің қадір-қасиетін жырға қосқан ақындарымыздың есімдері тарихта алтын әріптермен қалды. Бейбарыс баһадүр Туған жерге деген сағынышын бір уыс топырағын алдырып, жусанын иіскеп мауқын басқан еді. Жиренше шешен «Қайран менің өз үйім кең сарайым» деген жоқ па? «Дүниеде не қымбат?» деген сұраққа Қаз дауысты Қазыбек бидің: «Алтын ұяң – Отан қымбат, Құт берекең – атаң қымбат. Айналайтын анаң қымбат, Мейірімді апаң қымбат. Асқар тауың – әкең қымбат, Туып өскен елің қымбат, Кіндік кескен жерің қымбат...»-деп жауап беруі де бекер емес!

Алла Тағала сондай мейіріммен жаратқан әр жаратылысы да өз ұяларын, мекендерін барын салып қорғауға дайын. Құс екең құстың өзі жанын салып өз ұясын қорғап жатады. Оның қасында ақылмен ардақталған адам баласы өз туған жерлерін, отанын, отбасын қорғауға міндетті. Осы орайда ардақты Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) тағы бір хадисін тілге тиек етсек. Алла елшісі (с.ғ.с): «Екі көз ақіретте тозаққа күймейді: біріншісі- күнәсына өкініш

білдіріп, оңашада егіліп жылаған көз. Екіншісі – Отанды қорғап, шекара күзеткен көз»-деген. Бұл хадистің астарына үңілсек, Отан қорғау ұлы іс екенін аңғарамыз. Сондай-ақ әр адам өз отбасына да жауапты екенін естен шығармаған абзал. Өйткені Алла елшісі (с.ғ.с): «Барлығың бақташысыңдар баққандарыңа жауап бересіңдер. Адам – отбасының бақташысы және солардан жауапқа тартылады. Әйел – жұбайының, үйінің бақташысы, ол орган жауап береді»-деген.

Отаныңды, отбасыңды қорғау үшін ең алдымен оларға деген үлкен махаббатың, құрметің, шынайы жақсы көретін сезімің керек. Әрине жүрегіңдегі батырлығың өз алдына. Ал, батырлықты қазақтың қас батыры Бауыржан Момышұлы былайша бейнелейді: «Батырлық – табиғат сыйы емес, бұл патриоттық борышыңды орындау үшін өзіңді-өзің қауіпке қарсы саналы түрде зорлап көндірудің нәтижесі. Мұндайда адам өз достарымен тек игілікті ғана емес, сонымен бірге қатерді де бөлісе отырып, жауды жою арқылы өзін және отандастарын қауіпсіздендіруге тырысады. Өзінің азаматтық ары мен намысын ездідіктен, масқаралықтан қорғайды, өз бойындағы осындай асыл қасиеттерін ашып көрсете түседі».

Қандай жағдай болмасын бабамыздан мирас болған байтақ даламызды көздің қарашығындай қорғап, оның баға жетпес құндылығын өскелең ұрпаққа үлгі етуге міндеттіміз.

Дана халқымыздың: «Ұлтарактай болса да, Ата қоныс жер қымбат, Ат төбеліндей болса да, Туып өскен ел қымбат»-деген даналы сөзі жүрегіміздің төрінен орын алсын.

Д. ТҰРДЫАҚЫНҰЛЫ, аудандық мешіттің бас имамы.

Сөзіне берік, ісіне адал азамат

Елімізде соңғы жылдары тойланып келе жатқан мерекенің бірі «орманшылар күні». Таңнан кешке дейін жасыл желекті орманды күзетіп, тілсіз жаудан қорғап жүрген орманшылардың еңбегін елемей кету мүмкін емес. Өйткені орман шаруашылығы – ел экономикасының маңызды салаларының бірі. Жалпы ұрпаққа мұра ететін байлықтарымыздың бірі десек те болады. Белгілі қаламгер Шерхан Мұртаза: «Орман дегеніміз – даланың өкпесі ғой»-дейді. Иә, көркі көз тойдырып, саф ауасы көкірегіңді ашып, көңіліңді жайландыратын орманды алқаптың өзіндік ерекшелігі бар. Ал, оны көздің қарашығындай қорғап, келер ұрпаққа аманаттау орманшылардың тынымсыз қызметіне байланысты. Осы орайда өмірін орман шаруашылығына арнап, осы салада зейнетке шыққан аға буын өкілдерін сөзге тартуды жөн көрдік. Бүгінгі әңгімеіміздің қонағы Манат Бекболатұлы Сапаров. 1992 жылы ауданымызға қарасты «Чернореченск» орман шаруашылығына орманшы болып жұмысқа кіріп, сол қызметінен 2020 жылы зейнетке шықты. Ұзақ жыл бір салада, бір қызметте еңбек ету Манат Бекболатұлын тұрақтылыққа, жауапкершілікке үйретті. Мақала кейіпкері өз сөзінде:

«1957 жылы Қараөзек ауылында дүниеге келдім. Көпбалалы отбасы болдық. Әкем совхозда қызмет істеді, Ұлы Отан Соғысына қатысты. Анам Ділде үйде бізге қарады. Қараөзек ауылында дүниеге келсем де осы қаламыздағы мектепте білім алдым. Еңбекке ерте араластым. Орманшы болғанға дейін темір жолда,



элеваторда еңбек еттім. 1984 жылы шаңырақ көтердім. Жолдасымның есімі Ләззат. Бес бала тәрбиелеп өсірдік. Қазір еңбек демалысыңдамын»-дейді қысқа қайырып.

Манат Бекболатұлы орманшы болып еңбек еткен жылдары тек орманға ғана емес, аң-құс, жануарларға да қарау міндеттері болған. Ал, қазір орманшылар тек орманға қарайды, аң-құс әлеміне арнайы егерлер жауапты. Оған себеп заңсыз аңшылық жасаудың көбеюі.

Сөз соңында Манат Бекболатұлы жастарды өз істеріне берік болуға шақырды. Мақала кейіпкерінің тұрақтылығы, сабырлығы қазіргі ұшып, қонып жүрген жастарға үлгі болса екен?!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы қаулысымен бекітілген Орман шаруашылығы қызметкерлерінің күні – осы салада маңдай терлерін төгіп жүрген мамандардың еңбектерін бағалайтын күн.

Жасыратыны жоқ жыл өткен сайын жасыл желекті ормандарымыздың қатары сиреп барады. Арасынан адам өте алмайтын ну, жынысты ормандар көзден бұлбұл ұшқан. Жер талғап өсетін қарағайлар, мың бұралған қайыңдар, сап түзеген тал-теректер біздің өңірдің сәні. Ал, оны қызғыштай қорғау тек орманшылардың ғана емес, баршамыздың міндетіміз. «Бір тал кессең – он тал ек» деген халық даналығы әр адамның жүрегіндегі ұранға айналса игі еді?!

З. ЖАЙНАРБЕК.

АТА-АНАНЫҢ ҚАДІРІ

Іңгәлап дүниеге келгеніңде сені алғаш құшағына алып, мейірлене иіскеп, мауқын басатын – анаң, жүрегі жарылардай қуанып, жаһанға жар салатын, ағайын-туысын жинап сен үшін қуанышымен бәсілетін – әкең. Өкінішке орай, қазіргі жойылып бара жатқан құндылықтардың қатарында ата-ана қадірі де тұрған сияқты. Ғалымдар «адамдар ойланудан қалып барады»-деп шулап еді. Оның жемісін көрдік. Санамыз бес минуттық вайн, бір-неше минуттық тик-ток түсірумен шектеліп қалды. Бұрынғыдай айтылған, жазылға сөзді сіңіріп, оны қорытып, одан пайда алып шығу жоқтың қасы. Ойымызға осындай соққы тиіп жатқан кезде ата-ана қадірі туралы әңгіме айтып көр?!

Қаламыздағы қарттар үйіне барған сайын, ондағы қарақоздерді көрген сайын жүрегің сыздап қайтады. Ал, бұл біреулер

үшін қалыпты құбылыс көрінеді. Атқа мінер бір ағамыз (атын атамауды жөн көрдім): «Келешекте бәріміз осыған келеміз. Бұл үйреншікті әдетке айналады. Ешкім үйлерінде қарт ата-анасын қарап отырғылары келмейді. Өздері жұмыс істеп, ата-анасын қарттар үйіне тапсырады. Ал, ол жер арнайы қызмет көрсететін орталық болады»-дегенді меңзеді. Сырмақ шетінде жүрген кей ағаларымыздың ойы осындай.

Сонда «Ата-ананың қадірін білмеген – халық қадірін білмес»-деген ұлыларымыздың ұлағатты сөздері қайда қалды?! Халқымыз: «Қарты бар үйдің қазынасы бар» дейді. Қалай өз қолыңмен қазыналарыңды қарттар үйіне тапсыра алар екенсің?! Әлде сондай деңгейге жетіп қалдық па?

З. ЖАЙНАРБЕК.

ТІЛ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫСТАР

«Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз»- дейді Ахмет Байтұрсынов. Назарларыңызға ауданымыздың «Құрметті азаматы» Ермек Қаратайұлы бастаған жергілікті ақындарымыздың «Тіл» туралы жазған жырларын ұсынамыз.

Ана тілін білмейтін досыма

Есігін бұл дүниенің ашқаныңда, Талпынып тал бесікте жатқаныңда. Алғашқы айтқан сөзің «апа» еді, Сол сөзді мәңгілікке жаттадың ба? Бұл сөзің «апа» деген ана тілді, Ашты ғой таң сәріде бал ұйқыңды. Бүгін сен қашақтайсың сөйле десе, Естімеппең іңгәні ана тілде. Шыңына көтер биік туған тілді, Естірткейсің бар ғаламға үніңді. Қандай ғажап десін бәрі тамсанып, Естігенде қазақ тілін бал тілді. Бірде жұрт жоқ тіл білетін ұтымды, Ғасырларда сөз сөйлеген бітімді. Дұшпанына бола білген тосқауыл, Қазақ тілі бәрінен де өтімді. Білсеңіз ана тілі жан азығы, Ана тілі адамзаттың түп қазығы. Адалдықты қорғайды адал жүрек, Тәңірдің бізге жеткен бір парызы.

Е. ҚАРАТАЙҰЛЫ.

* * *

Сені іздеймін – ана тіл

Сені іздеймін жүрек жылап жаралы, Жоқ іздеген көңіл күйім қаралы. Менсібесе менсіңбесін басқалар, Сені тілім іздейтіндер бар әлі? Сені іздеймін көкелер бас қосқанда, Сені іздеймін мейлі дұшпан, достан да. Керексіз боп қалғаның ба қайран тіл, Сеніменен жазған талай дастан да. Сені іздеймін жауым кері бұққанда, Арқа сүйеп қадіріңді ұққанға. Сені іздеймін атқа мінер ағалар, Алшаң басып ел алдына шыққанда. Сені іздеймін сен қымбатсың барымнан, Жаралғансың ұлттық намыс, арымнан. Сені іздеймін жылып тұрып ана тіл, Көшедегі жарнамадан жарымжан. Сені іздеймін әр бір жиын, тойдан да, Сені бәрі керексіз қып қойған ба? Сені іздеймін әлди мен ананың, Бата беріп ақсақал қол жайғанда. Сені іздеймін мынау бес күн фәниден, Сені іздеймін тәй-тәй басқан сәбиден. Іздеп келеп, іздеп келем ана тіл, Қуантсаншы сен табылып әр үйден.

З. ЖАЙНАРБЕК.

* * *

Туған тіл тәуелсіздігі

О, ұлы Алла пендеңе рахым еттің, Рахым еттіңде-дағы ақын еттің. Ана тілін білмейтін мәңгүрттерге, Әліппесін ұсындым Ахметтің. Мәз боласың басыңда үй барына, Қу жаныңды қу тірлік қинадыма. Телефонға тоқсан тіл сыйғаныңда, Тоғыз әрпі қазақтың сыймады ма?! Бүгінгі ұрпақ мен саған таң қаламын, Амал нешік тағдырға барма амалым. Өзге тілде өзеуіреп сөйлегенің, Өз тіліңді емес пе қорлағаның. Сырлы әлемнің беймәлім сыры маған, Ана тілдің аяулы үні маған. Туан тілім тәуелсіз болмаса егер, Тәуелсіздік көк тиын құны маған!

Б. АЗАТБЕКҰЛЫ.

* * *

Қайран тілім

Атсада таңың алдан күлімдеген, Ұлтжанды ұрпағың жоқ «тілім» деген. Ақша үшін асыққан құл базарға, Аш жұртқа тіл қайғысы білінбеген. Неткен тілім, Зарлы мұң төккен тілім, Атамнан тап таза боп жеткен тілім. Ылайлап алдым бүгін тұнығыңды, Арман боп енді маған кеткен тілім. Қайранда қалған шіркін қайран тілім, Мәрттігін, Мәртебесін жойған тілім. Жыландікі секілді айырланып, Уытын рухына жайған тілім. Қайтейін мәңгүрт ұрпақ не біледі, Тіл десе ет жүрегім егіледі. Жалғыз-ақ, атасының тілін білмей, Бұл қазақ қайдан өзі келіп еді. Мазалаған ойлар көп көкейімде, Арсызыңның түбіне жетейін бе?! Қазақ тілін білмейтін мәңгүрттерге, Абылайлап аттанып кетейін бе? Қайран тілім, отырмай жоқ, амалым, Қайтем сенің қорғаның бол аламын. Сеніменен тағдырым егіз менің, Сен жоғалсаң мен дағы жоғаламын.

А. ЗӘБИТЕГІ.

АУЫЛДЫҢ ГҮЛДЕНУІ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГҮЛДЕНУІ

СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО ОБЛАСТИ: РАЗВИТИЕ ЗА ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ

Ақмолинская область является крупным агропромышленным регионом Казахстана и вносит значительный вклад в обеспечение продовольственной безопасности республики. За период суверенитета страны в регионе отмечается тенденция роста основных показателей в сельском хозяйстве.

Объем валовой продукции в данной отрасли возрос с 11,3 миллионов тенге в 1991 году до 672 миллиардов тенге в 2020 году.

Благодаря внедрению прогрессивных агротехнических технологий, урожайность зерновых культур возросла с 6,1 центнеров с гектара в 1991 году до 11,6 в 2020 году.

Площадь орошаемых земель увеличена до 29,5 тысяч гектар, площадь сева семенами - до 92% от общей площади посева.

В регионе большое внимание уделяется развитию мясного, молочного животноводства и птицеводства.

Как отметили в управлении сельского хозяйства, за последние десять лет отмечается значительный рост поголовья скота, птицы и производства основных видов сельхозпродукции.

«На сегодня доля Ақмолинской области в республиканском объеме производства мяса составляет в среднем 13%, молока – 6,4%, яйца – 16,7%. Регион располагает наибольшим в республике потенциалом по откорму скота – может единовременно содержать более 36,5 тысяч голов КРС. Только с 2018 года в области создано 278 мясных ферм. В ближайшие пять лет планируется поэтапно создать еще 700 ферм», - сообщили в областном ведомстве.

Для обеспечения молокоперерабатывающих предприятий сырьем в области действует 60 специализированных молочно-товарных ферм с общим поголовьем коров 13 тысяч.

В целях развития мясного птицеводства в 2018 году осуществлен запуск Макинской птицефабрики. После ввода в 2020 году второй очереди по расширению мощностей до 56 тысяч тонн в год, птицефабрика стала крупнейшим предприятием по объемам производства куриного мяса в Центральной Азии, обеспечивая до 22% потребности внутреннего рынка Казахстана. Запуск третьей очереди в 2023 году позволит увеличить объемы производства мяса птицы до 100 тысяч тонн, что значительно сократит долю импорта данной продукции.

К слову, создание продовольственного пояса вокруг Нур-Султана является одним из стратегических приоритетов развития региона. Ақмолинская область поставляет в столицу более трети молочной, мясной продукции, овощей, почти полностью обеспечивает яйцом и картофелем.

* * *

ФОРУМ СЕЛЬСКОЙ МОЛОДЕЖИ ПРОШЕЛ В ОБЛАСТИ

В Целиноградском районе состоялась форум сельской молодежи «Ауылдың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі», посвященный 30-летию Независимости страны.

В форуме приняли участие молодые государственные служащие, активисты молодежных объединений, лидеры волонтерских организаций, учащаяся и студенческая молодежь.

Как отметили в отделе внутренней политики района, форум стартовал с открытия фотовыставки, посвященной развитию Целиноградского района за годы суверенитета. Участники форума с большим интересом рассматривали фотографии, на которых были запечатлены исторические, культурные события и этапы развития населенных пунктов, жизнь сельчан, визит Первого Президента Республики Казахстан - Елбасы Нурсултана Назарбаева в район и другие важные мероприятия.

Приветствуя участников форума, аким района Бахидбек Оспанбеков отметил, что подобные мероприятия объединяют молодежь, позволяют ей становиться общественно активной частью населения.

«С первых дней Независимости государство особое внимание уделяет вопросам молодежи. Программы «Дорожная карта занятости», «С дипломом в село» и многие другие нацелены на создание условий для самоопределения и реализации потребностей и способностей молодежи, профессионального роста. Сегодня молодежь является самой инициативной, талантливой и целеустремленной частью нашего общества, яркими свершениями с

рой гордится и восхищается весь Казахстан», - отметил руководитель региона.

В ходе мероприятия выступили ровесница Независимости, главный специалист отдела внутренней политики района Айдана Тайсюганова, координатор волонтерских организаций Ақмолинской области Асия Канашева, координатор программы добровольцев ООН Казахстана Никита Шабаев, которые рассказали о своей работе, поделились своими планами и идеями на будущее.

Завершился форум церемонией награждения активных представителей молодежи благодарственными письмами акима района за вклад в развитие гражданского общества и государственной молодежной политики.

* * *

ОБЛЫСТА «АУЫЛДЫҢ ГҮЛДЕНУІ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГҮЛДЕНУІ» МАРАФОНЫ ЖАЛҒАСУДА

Ақмола облысында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Ауылдың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі» марафоны ауылдық округтерде жалғасуда. Жоба шеңберінде Целиноград ауданында түрлі іс-шаралар өтті.

Жаңасіл және Нұрсіл ауылдық округтерінде ауылдардың жетістіктерін көрсету бойынша салтанатты жиналыстар ұйымдастырылды. Оған еңбек ардагерлері, ауылдардың, кенттердің еңбеккерлері, агроөнеркәсіптік кешеннің озаттары қатысты.

Қатысушылар мен қонақтар үшін жергілікті тауар өндірушілердің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмелері, фотогалереялары, жәрмеңкелері ұйымдастырылды.

Аудандық ішкі саясат бөлімінің мәліметінше, тұрғындар ауылдар мен кенттер тарихындағы қызықты оқиғалармен, халықтық қолөнер элементтерімен танысып, жаңа, сапалы ет, сүт және жеміс-көкөніс өнімдерін, бал, кондитерлік өнімдер, көкөніс тұздықтары, жидек джемі және басқа да азық-түлік өнімдерін арзан бағамен сатып алды.

Қатысушыларды құттықтай отырып, аудан әкімінің орынбасары Алма Айтқожинаева еңбек ардагерлеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін алғыс білдірді.

«Сіздердің еңбектеріңізбен біздің рухани және материалдық байлығымыз жасалды, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы дамыды, тың жерлер игерілді. Сіздер Тәуелсіз Қазақстан халқына еңбектегі батырлықтың, шынайы патриотизмнің, туған жерге деген сүйіспеншіліктің көптеген үлгісін көрсеткен жасампаздардың ұрпағысыздар. Бүгін де сіздер аудан өміріне белсене қатысып, шете қалмай келесіздер», - деп атап өтті аймақ басшысының орынбасары.

Іс-шара барысында ауыл шаруашылығы саласының 40 өкілі, соның ішінде өндіріс озаттары, шаруа қожалықтарының басшылары, кәсіпорындар мен мекемелердің қызметкерлері аудан әкімінің алғыс хаттарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Барлық іс-шаралар санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып жүргізілді.

Ақмола облысы ішкі саясат басқармасының мәліметі бойынша.

* * *

В СЕЛЬСКИХ ОКРУГАХ ОБЛАСТИ ПРОХОДИТ МАРАФОН «АУЫЛДЫҢ ГҮЛДЕНУІ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГҮЛДЕНУІ»

В Ақмолинской области активно продолжается марафон «Ауылдың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі», посвященный 30-летию Независимости страны. В рамках проекта различные мероприятия прошли в Целиноградском районе.

В Жаңасільском и Нұрсільском сельских округах состоялись кустовые торжественные собрания по демонстрации достижений аулов. Гостями мероприятий стали ветераны труда, труженники сел, поселков, передовики агропромышленного комплекса.

Для участников и гостей были организованы выставки, фотогалереи, ярмарки сельскохозяйственной продукции местных товаропроизводителей.

Как сообщили в отделе внутренней политики района, жители смогли ознакомиться с

интересными фактами из истории сел и поселков, элементами народного ремесла, приобрести свежую, качественную мясную, молочную и плодоовощную продукцию, мед, выпечку, кондитерские изделия, овощные соленья, варенье из ягод и другие продукты питания по низким ценам.

Приветствуя участников, заместитель акима района Алма Айтқожинаева выразила слова благодарности ветеранам труда за весомый вклад в социально-экономическое развитие сельских населенных пунктов.

«Именно вашим трудом создавалось наше духовное и материальное богатство, развивались промышленность, сельское хозяйство, поднималась целина. Вы – поколение создателей, подарившее народу Независимого Казахстана многочисленные примеры героизма, истинного патриотизма, любви к родной земле. И сегодня вы также не остаетесь в стороне, принимая активное участие в жизни района», - отметила заместитель руководителя региона.

В ходе мероприятий благодарственными письмами акима района и ценными подарками были награждены 40 представителей сельскохозяйственной отрасли, в числе которых передовики производства, руководители крестьянских хозяйств, работники предприятий и учреждений.

Все мероприятия проведены с соблюдением санитарно-эпидемиологических норм.

* * *

КАК РЕАЛИЗУЕТСЯ ПРОЕКТ «АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ» В АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

